Қарақия ауданы бойынша 2025–2027 жылдарға арналған инвестициялық жобалар тізбесіне

«Маңғыстау облысы Қарақия ауданының Бостан ауылында кентішілік автомобиль жолдарын салу. 2-кезек» жобасына арналған

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

1.Есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштерінің қысқаша сипаттамасы:

Қарақия ауданы, Бостан ауылында кентішілік автомобиль жолдарын салу жобасы Қарақия ауданының 2025–2027 жылдарға арналған даму жоспары мен «AMANAT» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» бағдарламасының 26-тармағына сәйкес әзірленіп отыр. Бұл жоба көлік инфрақұрылымын дамыту арқылы елді мекендердің өзара байланысын арттыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында ұсынылуда.

2.Орын алып отырған проблемалардың ағымдағы жай-күйінің қысқаша сипаттамасы:

Бостан ауылында орын алып отырған негізгі проблема – кентішілік автомобиль жолдарының тозуы, жол жабындарының шұңқырланып, ойылып кетуі, су өткізу жүйесінің істен шығуы және қозғалыс қауіпсіздігінің төмен деңгейі. Қазіргі жолдардың сапасы ауыл тұрғындарының күнделікті жүріп-тұруына, жедел жәрдем, мектеп тасымалы сияқты маңызды қызметтердің кедергісіз жұмыс істеуіне айтарлықтай қиындық туғызып отыр. Осы мәселелерді шешудің негізгі мақсаты – Бостан ауылында жаңадан заманауи талаптарға сай, сапалы және қауіпсіз кентішілік автомобиль жолдарын салу арқылы инфрақұрылымды жақсартып, халықтың тұрмыс жағдайын көтеру және көлік қозғалысын ұйымдастыруды тиімді ету.

3. Жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының жобасында айқындалған мақсаттарға және жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының сипаттамасы:

Маңғыстау облысын дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес көлік инфрақұрылымын жақсарту – басты стратегиялық міндеттердің бірі. Аталған жобаны жүзеге асыру жол сапасын жақсартады, елді мекендер арасында үздіксіз және қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етеді және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді.

4.Бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің сипаттамасы:

Сканировано с CamScanner

Бостан ауылында сапалы және заманауи талаптарға сәйкес кентішілік автомобиль жолдарын жаңадан салып, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысын қамтамасыз ету, жол инфрақұрылымының жағдайын жақсарту және әлеуметтік маңызы бар нысандарға кедергісіз қолжетімділікті арттыру. Жоспарланған түпкілікті нәтижелерге ұзындығы белгілі бір шақырым жаңа жол құрылысының толық аяқталуы, су өткізу жүйелерінің орнатылуы, жол белгілері мен жолақтарының салынуы, жол сапасына тұрғындардың қанағаттану деңгейінің артуы, жол-көлік оқиғаларының тәуекелінің төмендеуі және жолды күтіп-ұстауға кететін шығындардың азаюы жатады.

5. Бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын ақпаратты, бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелерінің сипаттамасын қамтиды.

Қазіргі заманғы көліктік инфрақұрылымды қалыптастыру, сондай-ақ Қарақия ауданына қарасты елді мекендеріне автокөлік жолдарында көлік қызметтерінің сапасын арттыру. Әлеуметтік объектілердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру. Ауылдағы жол-көлік апаттарының азаюына әкелуі. Жоғарыда аталған жол жергілікті маңызы бар негізгі жол болып табылады.

6. Жоба іске асырылған жағдайда қол жеткізілетін түпкілікті нәтижелер.

Жоғарыда аталған жобалардың іске асырылуы жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Осы тұрғыда аталған жоба аясында жұмыссыздық санын қысқарту мақсатын жергілікті тұрғындар жұмысқа тартылады. Сонымен қатар жағдайы жақсы жолдардың үлесі бойынша ауданның деңгейі және облыстық көрсеткіштерге оң үлесі тиетіні анық.

Тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру және де облыстық экономикалық дамуына үлес қосу мақсатында аталған жобалардың іске асырылуына ықпал етуіңізді сұрайды.

Бөлім басшысы **Е. Отесов**

Сканировано с CamScanner